21711014290

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 09 қыркүйек іс № 5501-24-00-2/2489 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Ардагерлер үйі» қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың облыстық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Абдирахманов Жусип Абдикахарович жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.
Тұрақсыз айыбын өндіру туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Ардагерлер үйі» қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың облыстық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Абдирахманов Жусип Абдикахарович жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіру туралы арызы қанағаттандырылсын.

Абдирахманов Жусип Абдикахарович жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Абдирахманов Жусип Абдикахарович жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 648 (алты жүз қырық сегіз) тенге тұрақсыз айыбы және төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1865 (бір мың сегіз жүз алпыс бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 09.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2024, судья Сләм А. С., 21.10.2024

5501-24-3-1/2724